

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Өзіңнің отбасың туралы әңгімеле»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
23.09.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/81808/

Тойгулыева Шынар Аманбаевна

«Жауқазын» балабақшасының тәрбиешісі

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы жетібай ауылы

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Өзіңнің отбасың туралы әңгімеле»

Мақсаты: өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге, басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, түсіне білуге ынталандыру. Отбасы мүшелеріне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, ойын.

Қажетті құрал – жабдықтар: отбасы мүшелерінің суреттері. Үлкенді құрметтеу, сыйлау туралы суреттер.

Сөздік жұмыс: отбасы, әке, ана.

Көптілділік: отбасы – семья- family, ата – дедушка-grand father, әже – бабушка-grand mother, әке — отец- father, ана – мать- mother, аға – брат-brother, апа – сестра-sister.

Қайырлы күн, менің сүйікті балаларым! Бүгін біз үшін өте ерекше күн болмақ.

Шаттық шеңбері:

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік!

Қабақ түйген не керек,

Көңілді болып жүрейік!

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде неше ай бар?

-Қазір көктем мезгілінің қай айы?

-Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?

-Жарайсыңдар балалар, орынымызға отырайық. Балалар жаңа оқу қызметін бастамас бұрын откен оқу қызметін бір пысықтап алайық. Біздің откен оқу қызметіміздің тақырыбы «Жақсы деген немене, жаман деген немене»

-Балалар мына суретке қараңдаршы не көріп тұрсыңдар?

-Оң жақтағы бала не істеп тұр?

-Ал сол жақтағы бала не істеп тұр?

-Екеуінің айырмашылығын айтыңдаршы?

-Ал мына суретке қараңдаршы бұл суретте балалар атаға орын беріп жатыр бұл дұрыспа? Сендер осы баланың орнында болсаңдар не істейсіңдер? Атаға орын бересіңдерме? Сендер өздеріңнің аталарыңды жақсы көресіңдерме?

Тәрбиеші:

-Мен сендерге жұмбақ жасырайын: «Кім тез табады?» ойынын ойнап жіберейік.

О/шарты: тәрбиеші отбасы мүшелерінің бірін сипаттап береді, балалар кім екенін тез табу керек.

1- Өзі мейірімді, шашы ағарған, кешкілік ертегі айтып береді? Бұл кім?

2- Көзінде көзілдірігі бар, көп оқиды, әжеге көмектеседі, немерелерді ренжітпейді. Бұл кім?

3- Жер бетіндегі ең әдемі, сен үшін қымбат адам. Бұл кім?

4- Өзі қатал, бос уақытын балалармен бірге табиғатта өткізетін отбасы мүшесі кім?

Балалар мен кімдер туралы жұмбақ жасырдым? Олай болса біз өзіміздің отбасы мүшелеріміз туралы әңгімелесейік.

-Балалар өзіміздің отбасы мүшелерін айтып берейікші?

-Атамыз, әжеміз әкеміз, анамыз, мен т,б

Отбасы — адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Олар бізге осы дүниедегі ең жақын, бізді әркезде қолдап, қол ұшын беріп, көмектесетін, ақыл айтатын, жаман мен жақсыны, оңмен солды үйрететін ең жақын адамдар.

-Ия балалар дұрыс айтасыңда біз өзімізден үлкен кісілерге құрмет көрсетуіміз керек. Оларды сыйлап, олардан үлгі алуымыз керек.

-Ал балалар енді алдымыздағы лэдбукті ашайықшы. Бұл суретте кімге не керек екенін анықайық. Атаға көзілдірік пен газет. Балалар мен жұмыс.

Сергіту жаттығуы:

Дидактикалық ойын:

Тәрбиеші: жарайсыңдар балалар сендер ойынды жақсы деңгейде орындадыңдар.

-Балалар, кім отбасы мүшелерін атайды?

-Аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер?

Отбасы туралы сурақтар қойылып, оқу іс әрекетін қорытындылайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету.

Түсінеді: отбасы қарым-қатынасын, отбасы — ол ең жақын адамдардың ошағы екенін.

Қолданады: отбасы мүшелеріне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.